



«Бекітемі»

Мектеп директоры

Г.З.Кембебаева

## Балаларды үйден жеке оқыту туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже КР Конституциясының, «Білім туралы» КР Занының, «Кемтәр балаларды алеуметтік және медициналық-педагогикалық түзөу арқылы колдау туралы» КР Занының, «Арнайы білім беру үйымдары түрлерінің қызметтінің үлгілік қагидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2017.14.02 № 66 бұйрығының, «Қазақстан Республикасындағы бас-тауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» КР Білім және ғылым министрінің 2012.08.11 № 500 бұйрығының пегізінде колданылады.

1.2. Науқас балаларды үйде жеке оқытуды үйымдастыру сыркательна байланысты білім беру үйымында оқи алмайтын 18 жасқа толмажған 1–11 сынып оқушыларының мемлекеттік білім беру стандартының аясында білім беру бағдарламаларын менгеру міндеттін көтереді.

### 2. Науқас балаларды үйде жеке оқытуды үйымдастыру

2.1. Жалпы білім беретін үйымның оқу бағдарламасына кіретін пәндер бойынша белгіген салы шегінде үйден оқыту жүзеге асырылады.

2.2. Ата-ананың мектеп директорының атына жазған етініші, емдеу мекемесінің ДКК медициналық корытындысы науқас балаларды үйде жеке оқытуды үйымдастыруға негіз болады. Психофизикалық даму ерекшеліктері бар балаларды үйде жеке оқытуды үйымдастыру үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық көңестін корытындысы керек. Әрбір нақты жағдайда жеке оқытуды бастау мен отқызуға мектеп директорының бұйрығы негіз болады.

2.3. Науқас балалармен үйде жұмыс істейтін мұғалімдерді тағайындаған кезде осы сыныппен жұмыс істейтін мұғалімдер басымдыкка не болады.

2.4. Сабак кестесі мұғалім негізгі санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес баланың тұнальык ерекшеліктерін ескере отырып әзірлейтін базалық оқу жоспарының, жеке оқу жоспарының негізінде жасалады, ол ата-аналармен келісіледі және үйден окута жетекшілік ететін мектеп директорының бекітіледі.

2.5. Баланы үйден оқытатын мұғалім еткен сабактарды есепке алу журналын толтырады, мұнда сабактың күні, еткен материалдың мазмұны, оны менгеруге кеткен сағат саны жазылады.

2.6. Балалар білімі жүйелі турде бағаланып отырады; сәйкес сыныптың сынып журналына білім алушының оқу үлгерімі, сыныптан сыныпка кошуі және мектепті бітіруі туралы маліметтер сінгізіледі.

2.7. Білім алушыларды аттестаттау мен ауыстыру «білім туралы» КР Занына және Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық аттестаттау жүргізудің үлгілік қагидаларына (КР БФМ 2008.18.03 № 125 бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылады.

2.8. Баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеу мектептік ПМП-консультум арқылы жүзеге асырылады.

2.9. Науқас балаларды үйден оқытуды үйымдастыру мен жүзеге асыруды бақылауды мектепшілік инспектилеудің аясында мектеп әкімшілігі жүзеге асырады.

### 3. Науқас балаларды үйде жеке оқытуды қаржылай қамтамасыз ету

3.1. Науқас балаларды үйде жеке оқыту регламенттеген сағаттар шегінде білім алушыларға тегін беріледі.

3.2. Мұғалім ауырып калған жағдайда мектеп әкімшілігі науқас баламен сабак өткізу ді басқа мұғалімге ауыстыруға міндетті.

3.3. Окушы ауырып калған жағдайда тарифтеу бойынша сибебіне ақы толенетін мұғалім сабак кестесі бойынша өткізілмеген сағаттарын өтеуге міндетті. Отеу мерзімдері ата-аналармен келісіледі.

3.4. Егер науқас баламен сабак өткізу мерзімінен бұрын тоқтатылса немесе мұғалімнің собентеріне байланысты откізілмесе, мектеп директоры бүйіркты бухгалтерияга өткізеді.

#### **4. Білім беру процесіне катысушылардың құқықтары мен міндеттері**

4.1. Үйде жеке оқытуды үйымдастыру кезінде білім беру процесіне катысушылар мыналар: білім алушылар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары.

##### **4.2. Білім алушылар құқылы**

- КР мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім алуға;
- білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар енгізу;
- озінің адами қадір-касметін, ақыл-ой мен ақпарат еркіндігін, оз шілдесі мен ұстанымын еркін білдіру құқығын құрметтеуге;
- оқудагы жетістіктері үшін рухани және материалдық ынталандыруға;
- психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеуге;
- мектептің мәдени өміріне араласуға;
- кітапханалардың кітапхана-аппараттық ресурстарын тегін колдануға.

##### **4.3. Білім алушылардың міндеттері:**

- жалпы білім беретін үйымның талантарын сақтауға;
- жақсы оқуга, білім беру бағдарламаларын саналы әрі шығармашылық түргыдан менгеруға үмтүлуга;
- жалпы білім беретін үйым жұмыскерлерінің қадір-касметі мен абыробын құрметтеуге;
- сабак кестесін ұстануға;
- сабакка бөлінген уақытта үйде болуга;
- күнделік жүргізу.

##### **4.4. Ата-аналардың құқықтары:**

- баланың занды құқықтарын коргу;
- жанжалды жағдайларды шешу үшін мектеп әкімшілігіне жүтіну;
- сабак кестесін құрастыру бойынша ұсынымдар енгізу;
- дамуында ауытқулары бар балаларды гузетушілік-дамытушы тәрбиелеу және оқыту маселелерінде жалпы білім беретін үйым мамандарынан консультативтік көмек алу.

##### **4.5. Ата-аналардың міндеттері:**

- жалпы білім беретін үйымның талантарын орындау;
- баланың мектепке және білім алуға деген қызыгуышылығын колдау;
- дәрігердің ұсынымдарын, режимнің ерекшеліктерін мұғалімге ескерту;
- сабак өткізу үшін білімді менгеруға ықпал ететін жағдай жасау;
- уақыты, бір күн ішінде жалпы білім беретін мектепке сыркаттануына байланысты сабактың болмайтынын және сабакты бастауга болатынын хабарлау;
- күнделіктің жүргізілуін, үй тапсырмаларын орындауды бакылау.

##### **4.6. Педагог қызметкер «Білім туралы» КР Заңында көзделген құқықтарға ие.**

##### **4.7. Мұғалімнің міндеттері:**

- баланың ерекшеліктері мен қызыгуышықтарын ескере отырып, мемлекеттік бағдарламаларды орындау;

- окулықпен, аныктаамалық және коркем әдебиетпен дербес жұмыс дагдыларын жетілдіру;
- аурудың ерекшелігін, режимнің ерекшеліктері мен үй тапсырмаларын үйымдастыруды білу;
- артық жұктемеге жол бермеу, жеке жоспар құрастыру;
- откен сабактарды есепке алу журналын уақытын толтыру;
- окушының күнделік жүргізуін бақылау және мұнда откен сабак туралы жазу (сабак кес-тесі, аттестаттау, үй тапсырмаларын жазу);
- сынып журналына білім алушының оку үлгерімі туралы мәліметтерді енгізіп тұру.

#### 4.8. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- баланы оқытатын мұғалімдермен, ата-аналармен сабак кестесін макулдау;
- білім алушылармен және ата-аналармен байланыста болу, наукас балалардың әдептерін, ерекшеліктері менденсаулық жағдайын анықтау;
- күнделіктін, сынып журналының жүргізілуін бақылау;
- білім алушылар туралы акпаратты сынып журналына уақытын енгізу.

#### 4.9. Әкімшіліктің міндеттері:

- оку бағдарламаларының орындалуын, жеке оқыту әдістемесін, білім алушыларды аттес-таттауды, құжаттаманың ресімделуін жүйелі бақылау;
- үйде сабактың уақытын еткізуін, наукас балаларды үйде оқыту журналының жүргізуін бақылау;
- мұғалімдерді уақытында ауыстыруды камтамасыз ету.

### 5. Құжаттама

Наукас балаларды үйде оқытуды үйымдастыру кезінде жалпы білім беретін мектептің мынадай құжаттары болуға тиіс:

- ата-аналардың өтініші;
- медициналық мекемесінің ДКК қорытындысы;
- ПМПК қорытындысы;
- мектеп бойынша бұйрық;
- әр білім алушыга арналған сабак кестесі, ата-аналармен жазбаша турде келісілген және мектептің жетекшілік стетін директорлық орынбасарымен екі данада;
- әр окушыга арналған сабак жоспары;
- откен сабактарды есепке алу журналы.